

➤ Жаңғырық

Елеусіз қалған ерліктер...

Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 81 жыл толып отыр. Өкінішке қарай, ол шетіне жау келгенде ерлермен қатар қолдарына қару алған батыр қыздарымызды кейінгі буын жете біле бермейді. Айталық, Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 5100-ден аса қыз-келіншек аттанса, солардың басым бөлігі ұшқыш, мерген, пулеметші, танкіші, барлаушы, партизан, байланысшы және медбикә сияқты маңызды істерді атқарып, ерен ерліктің үлгісін көрсетті.

Сол сұрапыл соғыста көрсеткен ерліктері үшін Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Меметова Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл атаққа қазақтың басқа да қыз-келіншектері ұсынылғанымен, сол кездегі саясаттың салдарынан олардың ерліктері елеусіз қалды. Олардың барлығы дерлік майданға өздері сұранып аттанды. Мәселен, 1943 жылдың мамырында бір ғана Алматыдан 185 қыз-келіншек майданға жіберілсе, солардың 73-і қазақ қыздары болған. Тура сол жылы Орал облысынан да бір топ әйел мұғалім мен медицина қызметкерлері соғысқа аттанды. Жалпы, Ұлы Отан соғысына Түркістан облысынан 7 мыңға жуық қыз-келіншек аттанған.

Соғысқа аттанған қазақстандық қыз-келіншектер арасында ұшқыш, гвардия лейтенанты Хиуаз Доспанова, ұшақтың мөханигі Демелі Жәкеева, зенитті артиллерия расчетінің командирі Ақлима Ақжолова, «Қызыл әскер ақиқаты» газетінің қызметкері Рахима Жанбекова, зенитші Ажар Оразғалиева, десантшылар – Рәзия Сыздықова мен Қалзия Асанова, барлаушы Жәмилә Сәлімова, гвардиялық атқыштар дивизиясының сержанты Шағила Құсанова, өуе бақылаушылары – Раушан Мазитова, Нұрғайын Хамитова, Бибінұр Тынысбекова, майдан дәрігерлері – Мәрия Сырлыбаева, Роза Момынова, Рәпия Мақашева, Мархаба Түкібаева, Гүлөндө Түсіпжанова, медбикелер – Сағындық Шынәлиева, Сара Сартбаева, Әмина Орынбасарова, Қызыл Крест комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталған лейтенант Рәзия Ысқақова, байланысшы Раиса Абдулина, авиамоторшы Әқима Ақжолова, I және II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, зеңбірекші Қалзия Асанова, аспаз Шәмшібану Әмірова, радист Шәкәр Ботаханова, зенитші Қантай Елубаева, барлаушы Рахила Ералина, байланысшы Алтынай Есболатова, өуе механигі, ұлы Абайдың шебересі Ишағы Жағыпарова, зенитші Ажар Оразғалиева, жау ұшақтарының «тамыршысы», аға сержант Роза Шамжанова, Мәскеу қаласындағы Бас поштананың Кеңес Армиясындағы түркі тілдес халықтар жауынгерлерінің хаттарын тексерушісі (жазба) болған Халима Өзбақанова (соғыстан кейін майдангер, Қазақстанның халық жазушысы Өзілхан Нұршайықовқа тұрмысқа шыққан), Сталинградтағы талқандалған трактор зауытын қысқа мерзім ішінде танк жөндеуге ыңғайлап, майданға танктер жөнелтуге атсалысқан он бір қазақ қызының бірі Жұмакүл Оңғарова, тағы сол сияқты қазақтың көптеген қаһарман қыздары Отан үшін жанқияр-

(төмендегі суретте). Соғыста оларға Топтаай Жүнісов деген қызылөскер кезіккен екен. Сол қазақ жігіті экипажда жүрген төрт қыздың аты-жөндерін жазып алып, мақала дайындаған. Сөйтіп, ол мақаланы Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетіне прштамен жіберген. Мақала газеттің 1944 жылғы 22 тамыздағы санында «Танкшы қазақ қыздары» деген тақырыппен жарық көрген. Сол мақалада «Танкшылар шабуылға шығып, немістерді қаладан жөңділте қуды. Литваның сәнді, сәулетті қалаларын жөндеттер аяусыз талқандаған екен. Бір кезде Жамалдың танкы жау күтпеген жерден шығып, немістерді баса жаншып, олардың оқ ататын ұяларының үнін өшірді. Орта бойлы күлімкөз Күлкен Тоқбергенова жаудың тылына кіріп, танктерге жол ашатын, жаудан «тіл» әкелетін барлаушы болды, барлау жұмыстарында командованиенің тапсырмаларын батыл орындағаны үшін үш рет марапатталды. Танкке мініп, жауға шабуыл жасадық, немістер күтпеген жерден берілген қатты соққыға табан тіреп қарсылық көрсетуге шамасы келген жоқ» деп танкшы қыздардың майдан даласындағы ерен ерліктері өте әсерлі байдалады. Қалған құжаттар қызғаныштан, не болмаса басқа да себептермен жойылып кетуі мүмкін. Тек курсты жүргізген лейтенант Осипованың төрт қызымызға танк экипажы бола алатыны туралы рапорты ғана сақталған. Онда: «Экипаж жедел курсты жақсы меңгерді, танкінің техникалық жағдайына қарай алатын және жөндей алатын дәрежеде. Тактикалық өдіс нұсқауларды, топографиялық карта бойынша ориентация жасауды өз дәрежесінде біледі. Қашықтықтан және жақыннан ату полигонында да үздіктер қатарында болды» делінген.

Конструктор Кошкиннің сол кездегі озық техникасы саналатын Т-34 танкісін қазақ қыздарының игеріп, Курск қаласын жаудан азат ету кезінде жан алып, жан беріскен мың жарым танктің арасынан дүниені шығуының өзі сөзін емес пе? Бірақ, біз бұл туралы жете біле бермейміз. Тек Жамал Байтұсованың майданға кетер алдында соғыста жүрген әкесі Асанға жазған хатында: «Әке, өз міндетімді орындап, үйге жеңіспен оралуға уәде беремін. Қасымдағы үш құрбым да қазақ қыздары. Құшақтап, бетіңнен сүйдім. Қызың Жамал» деп қысқа ғана мәлімет беруінің өзінен ерліктің рухын сезесің. Қайран, қазақтың асыл туған текті қыздары-ай!

көптеген қаһарман қыздары Отан үшін жауынгерлікпен шайқасты.

Соғыс жылдарының шежіресіне назар аударсақ, қазақ қыздарының ерлігі кім-кімді болса да қайран қалдырады. Сол уақытта қазақ тілінде шығып тұрған майдан газеттеріне көз салсаңыз, олардың соғыстағы ерліктеріне жете қанығуға болады. Осынау газет беттеріндегі жауынгер қыздардың ерліктерінен әлес беретін сұрапыл сәттерге көз жүгіртіп көрелікші. Солардың бірінде қазақтың өрімдей төрт қызынан құралған танк экипажы майдан өтінде жаумен шайқасқаны жайлы деректер келтірілген. Бір айта көтеріліп, қазақ қыздарынан құралған танк экипажы, олардың ерлік жолдары туралы деректер әдейі құпия ұсталған сияқты. Содан болар, майдангер төрт қызымыз туралы мәлімет тым мардымсыз, тамтұмдап қана сақталған. Бір деректе олар 1944 жылы желтоқсанның басында қаза болды десе, өнді бір деректе төртеуінің де хабар-ошарсыз кеткендігі айтылады. Қалай болғанда да, олардың бір экипаж құрамында жаумен соғысуы және жасаған ерліктері бүркемеленген бә деген ойда қаласыз. Бұл бір жағынан көреалмаушылықтан немесе өзге ұлт өкілдерінің соғыстағы рөлін төмендетуден туған пиғыл болуы әбден мүмкін.

Соғыс жылдарында 800 мыңнан астам әйелдің тек 20-сы ғана бронды танк сапында болған. Оның 12-сі славян халқының өкілдері болса, 4-еуі қазақ қызы. Бірақ, төртеуінің аты-жөндері еш жерде аталмайды. Славян қыздары 12 болғанмен, танк экипажы бола алмаған, ал, 4 қазақ қызы бір танк экипажы болды. Қарағанды облысынан соғысқа аттанған сол төрт қыздың аты-жөндері – экипаж командирі әрі көздеуші, кіші сержант Жамал Байтасова, оқтаушы-атушы Күлкен Токбергенова, механик-жүргізуші Күнжәмила Талқанбаева, радист-пулеметші Жәмила Бейсенбаева

Ұлы Отан соғысына қатысқан әскери журналист Михаил Левченконың күнделігінде: «Ол кезде мен «Патриот Родины» газетінің қатардағы қызметкері едім. Майданда материал жинап жүріп, бір топ солдаттармен және офицерлермен бірге неміс фашистерінің қоршауында қалып қойдым. Меніңше, бұл Котовице маңында болса керек. Жағдай тым қиын еді. Кенет жауынгерлердің арасынан қаршадай бір қазақ қызы шыға келді де, қорғаныс ұйымдастырып, алға ұмтылды. Гранатамен жаудың бір танкісін отқа орады. Орнынан тұрып, «алға» деп ілгері ұмтылғанда, тасадан екінші темір тәжал шыға келгені гой. Соған қарамастан алғи қыз алға тура ұмтылды. Оқ тиіп, мерт болды. Бірақ, жолдастарына да жол ашты. Бұл осы батальонның көмсоргі Алтыншаш Нүрғожина (1924-1944) екен» деген мәліметтер бар. Қаза тапқаннан кейін оны әскери кеңес Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Тіпті, құжаттары Мәскеуге жіберіледі. Бірақ, жоғарыдағылар қазақтың өржүрек қызына батыр атағын бергісі келмеді.

Адамзат тарихындағы ең қаһарлы соғыс қаншама адамның өмірін жалмап кетті. Аутайын дегенім, бұл соғыста қаншама қазақ жігіттерінің, қаншама қазақ қыздарының көрсеткен ерліктері ескерусіз қалды. Сондықтан олардың жасаған қайталанбас ерліктерін мақтан тұтып, келешек ұрпаққа жеткізіп, мәңгілік есте сақтау – біздің қастерлі борышымыз нем басты міндегіміз!

Шоқан ДИХАНБАЕВ,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті әскери кафедрасының оқытушысы, запастағы майор.



СУРЕТТЕ: 1-14 танк экипажының батыр қыздары